



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2020 жылғы 12 қараша № 2-02/454  
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Ecoston-ға саяхат»  
республикалық экологиялық конкурсының  
облыстық кезеңін қашықтық форматта өткізу туралы**

Мектеп оқушылары арасында табиғатқа қатысты экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған ортаға деген құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерін насихаттау, табиғатқа қатысты белсенді адамгершілік позициясын қалыптастыру, яғни мектеп оқушыларын экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында «Ecoston-ға саяхат» республикалық экологиялық конкурсының облыстық кезеңін өткізу үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020 жылғы 12 қарашада 7-12 сынып оқушылары арасында «Ecoston-ға саяхат» республикалық экологиялық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) облыстық кезеңі қашықтық форматта өткізілсін.

2. Конкурстың облыстық кезеңінің Ережесі (1-қосымша), ұйымдастыру комитеті (2-қосымша), қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (3-қосымша) бекітілсін.

3. «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (А. Шаймұрат) Конкурстың қашықтық форматта өтуін ұйымдастырсын.

4. Аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары, мамандандырылған мектеп директорлары (келісім бойынша) оқушылардың Конкурсқа қашықтан қатысуға бақылау жасайтын жауапты тұлғаларды бекітсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Р.Акановаға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 2 қарашадағы №491/15-11-06 хаты.

Басқарма басшысы

Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстым \_\_\_\_\_

( күні, қолы)

010784